

Қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 28 наурыздағы № 26/207 "Балқаш қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2015 жылғы 24 маусымдағы № 39/313 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 3340 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2018 жылғы 21 ақпандағы № 17/155 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 21.02.2018 № 17/155 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 28 наурыздағы № 26/207 "Балқаш қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2595 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 43-44 (12150) "Балқаш өңірі", 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 43-44 (1222) "Северное Прибалхашье" газеттерінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 30 сәуірде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Мемлекеттік тілдегі Регламенттің 7 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы
Қалалық мәслихаттың хатшысы

С. Түсіпбеков
Қ. Рахимберлина